



Қарасу ауданындағы Қойбағар теміржол стансасы үшін Құндызды өзені арнасындағы тоғанда жер үсті суларының шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймағын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2014 жылғы 2 қыркүйектегі № 437 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 9 қазанда № 5111 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су Кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қосымшаға сәйкес Қарасу ауданындағы Қойбағар теміржол стансасы үшін Құндызды өзені арнасындағы тоғанда жер үсті суларының шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймағы белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

Әкімдіктің

2014 жылғы 2 қыркүйектегі

№ 437 қаулысына қосымша

Қарасу ауданындағы Қойбағар теміржол стансасы үшін Құндызды өзені арнасындағы тоғанда жер үсті суларының шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймағы

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері						Орташа көп жылдық судың сабалық кемері
	I - белдеу		II - белдеу		III - белдеу		
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	
			Ұзындығы бойынша				

Құндызды өзеніндегі тоған	Ұзындығы бойынша қашықтығы – су тартудан ағыс бойынша жоғары 200 метр және су тартудан ағыс бойынша төмен 100 метр. Ені бойынша қашықтығы – оң және сол жақ жағалауы бойынша су кемері жиегінен – 100 метр	16,147 гектар	қашықтығы – су тартудан ағыс бойынша жоғары 14400 метр және су тартудан ағыс бойынша төмен 250 метр. Ені бойынша қашықтығы – Құндызды өзенінен және оның саласынан оң және сол жақ жағалауы бойынша су кемері жиегінен – 500 метр	2950 гектар	Ұзындығы бойынша қашықтығы – су тартудан ағыс бойынша жоғары 16900 метр және су тартудан ағыс бойынша төмен 250 метр. Ені бойынша қашықтығы – Құндызды өзенінен және оның оң және сол жақ жағалауы бойынша су кемері жиегінен – 3000 метр	6565 гектар	205,6 метр
---------------------------	--	---------------	---	-------------	---	-------------	------------

Ескерту: санитарлық қорғау аймағының шекарасы "Қарасу ауданындағы Қойбағар теміржол стансасындағы жер үсті суларының (Құндызды өзеніндегі тоған) шаруашылық-ауыз су тартуының санитарлық қорғау аймағы" жобасының картографиялық материалында көрсетілген (Тапсырыс беруші - "Теміржолсу - Қостанай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі).